

## Бос орындар онлайн-жәрмеңкесіне қатысу ЕРЕЖЕЛЕРІ

### Құрметті қатысушы!

1. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі 2022 жылғы 27-29 маусымда, Нұр-Сұлтан уақыты бойынша күн сайын сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін өтеді, үзіліс сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін.

Enbek.kz порталдың басты бетінде **бос орындар жәрмеңкесінің баннері** орналастырылған, оны басу арқылы сіз жәрмеңкенің арнайы веб-бетіне өтесіз.

Бұл бетте жәрмеңке **Бағдарламасы** және басқа да пайдалы ақпарат бар.

Әр жұмыс беруші жәрмеңкеге тәртіппен **бір күнде** қатысады.

Жұмыс берушінің өкілі **онлайн-таныстырылым** өткізіп, сізге компания туралы, қолда бар әлеуметтік пакеттер, жұмыс шарттары, ашық бос жұмыс орындары, жұмысқа орналасу ерекшеліктері және т. б. туралы ақпарат береді.

### **Жәрмеңке YouTube арнасында тікелей онлайн-трансляция арқылы өтеді**

Жәрмеңкенің веб-бетінде «Жәрмеңкенің онлайн көрсетілімі» баннері орналастырылған, оны басу арқылы сіз 2022 жылғы 27-29 маусымда жәрмеңкеге қатыса аласыз.

Жәрмеңкеде **жұмыс берушілердің өкілдері** ZOOM платформасы арқылы үміткерлермен онлайн бейне-сұхбат өткізеді, олардың түйіндемелерін олар алдын-ала таңдайды.

2. **2022 жылдың 27 маусымында** жәрмеңкеде «**Тиімді жұмыс іздеу**» мастер-классы өтеді, оны «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетінің спикерлері өткізеді. Қатысу үшін Бағдарламада көрсетілген уақытта «Жәрмеңкенің онлайн көрсетілімі» баннерін басу қажет.

### **Жәрмеңкеге қатысатын жұмыс берушілер мен бос жұмыс орындары туралы ақпаратты қалай білуге болады?**

3. «Жұмыс берушілер» бетінде жұмыс берушілер туралы және олар өздеріне лайықты үміткерлерді іздейтін бос жұмыс орындары туралы ақпарат орналастырылған.

### **Түйіндемені жұмыс берушіге қалай жіберуге болады?**

4. Бос жұмыс орындарын мұқият оқып шығыңыз, егер сіздің түйіндемеңіз жұмыс берушінің сұранысына сәйкес келсе сол жағдайда ғана үн қосыңыз.

**Түйіндемені жұмыс берушіге жіберу үшін** жұмыс берушінің сипаттамасының астында «Түйіндемені жіберу» батырмасын басу, PDF немесе WORD форматтарында дайындалған түйіндемеңізді тіркеу және «**Жіберу**» батырмасын басу қажет.

Егер сізде түйіндеме болмаса, онда сіз **үлгіні жүктеп**, оны толтырып, жұмыс берушіге жіберуге дайын түйіндемеңізді жібере аласыз.

Жұмыс беруші сіздің түйіндемеңізді қарап, қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Жұмыс беруші сіз іздеген бос жұмыс орны бойынша сізбен байланысу мүмкіндігіне ие болуы үшін **байланыс ақпаратыңызды** (телефон, электрондық пошта мекенжайы) **дұрыс көрсету қажет.**

### **Жұмыс берушімен онлайн бейне-сұхбатқа қалай қатысуға болады?**

5. Егер сіз жәрмеңке өткізу кезінде Интернет желісінде ZOOM платформасында бейне-қоңырау шалу арқылы онлайн-сұхбатқа қатысқыңыз келсе, онда түйіндемені жұмыс берушіге жіберген кезде **«Мен жұмыс берушімен бейне-сұхбатқа қатысқым келеді»** өрісін белгілеңіз.

**Назар аударыңыз!** Өтінімдерді қабылдау нақты жұмыс берушімен бейне-сұхбат басталғанға дейін **екі күн** бұрын жабылады.

Жұмыс берушімен бейне-сұхбатқа 10-нан артық емес үміткерлер қатыса алады, сондықтан жәрмеңке басталғанға дейін сұхбатқа алдын ала өтінім беріңіз.

Жұмыс беруші сәйкес келетін үміткерлердің түйіндемелерін іріктейді және таңдаған жағдайда сіздің электрондық поштаңызға шақыру, бейне-сұхбатқа бірегей сілтеме және сұхбат жүргізу кестесі келіп түседі.

Жұмыс берушімен бейне-сұхбатқа қатысу үшін **сілтеме алу үшін электрондық пошта адресыңызды дұрыс көрсетіңіз.**

**Жұмыс берушілермен бейне-сұхбатты өткізу кестесі** жәрмеңкенің веб-бетінде орналастырылған.

**Бейне-сұхбат ұзақтығы 10 минут**, сондықтан жақсы дайындалыңыз, түйіндемеңізді дұрыс құрастырыңыз, кешікпеңіз және жұмыс берушімен онлайн-кездесуді өткізіп алмаңыз.

Интернет желісі арқылы қосылғаннан кейін ZOOM платформасындағы логиніңізде түйіндемеде бұрын көрсеткен шын аты-жөніңізді көрсетіңіз. Жәрмеңке ұйымдастырушылары сізді **бекітілген кесте бойынша онлайн-кабинетке жібереді**, онда сіз жұмыс берушімен әңгімелесуден өте аласыз.

Бос жұмыс орындарына **жұмысқа орналастыру бойынша қорытынды шешімді жұмыс беруші өз бетінше қабылдайды.**

**Жәрмеңкеге қатысу үшін өтініш берушіге қандай талаптар қойылады?**

6. Жәрмеңкеге қатысушылардың жасы 18-ден 35 жасқа дейін.  
Түйіндемені толтыру кезінде өзіңіз туралы шынайы мәліметтерді көрсету қажет.  
Жұмыс берушімен онлайн-сұхбат кезінде іскерлік киім стилін ұстану, ұқыпты келбетке ие болу қажет.  
Жұмыс берушімен онлайн-сұхбатты өткізіп алмау және кешікпеу қажет.

**Бос орындар онлайн-жәрмеңкесіне белсенді қатысыңыз!**

**Көбірек сұхбаттасыңыз және түйіндемеңіздің көбірек көшірмелерін таратыңыз.**